



ТУРАЛЫ- ҚАЗАЛЫ

№63
(2234)
Сәрсенбі
24 шілде
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ КӨРКЕЙТУ ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ



Биыл аудан орталығы – Әйтеке би кентіндегі бірқатар аумақтарды көркейту және абаттандыру жұмыстары жоспарланып, оның біршамасы жүзеге асырылуда. Атап айтсақ, теміржол вокзалы алдындағы Әйтеке би алаңы, Жеңіс саябағы, аудан әкімдігі ғимараты мен Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицей алдын абаттандыру мен Жанқожа батыр көшесін қайта жаңғырту жұмыстары жалғасын табуда.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Әйтеке би кентін аралап, абаттандыру жұмыстарын көріп, жұмыстардың сапасын бақылады. Сондай-ақ, Әйтеке би кентінің әкіміне тазалық мәселесіне байланысты бірқатар тапсырмалар берді.

Аудан орталығындағы былтыр басталған Жанқожа батыр көшесін қайта жаңғырту жұмыстарымен «Строй Модуль Астана» ЖШС айналысуда. Аудан басшысы мердігер мекеменің жауапты қызметкерімен бірге

орталық көшеге жасалып жатқан жұмыстардың бағысын талқылады. Алдағы уақытта Жанқожа батыр мен Қ.Пірімов көшесінің қиылыстарына жолайрықтары салынып, жаяу жүргіншілер жолын жаңартылып, аяқ су трубаларын орнатып, көше бойындағы электр бағаналары ауыстырылады. Ал қазіргі таңда батыр атындағы көшеде жаяу жүргіншілер жолындағы бордюрлар ауыстырылуда.

Аудан әкімі кентті аралағанда Жалаңтөс баһадүр атындағы орталық стадион мен теміржол вокзалына барды. Вокзал аумағында орналасқан кәсіпкерлік нысандардың сыртқы келбеті мен санитарлық-тазалығын сынға алып, вокзал басшылығы мен Әйтеке би кентінің әкіміне және тиісті сала басшыларына кемшіліктерді дереу қалпына келтіріп, вокзал аумағын абаттандыру жұмыстарына қатысты бірқатар тапсырмалар жүктеді.

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ БАҒЫТЫНДА ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Биыл Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойып, заң күшіне енген болатын.

Осыған сәйкес, Заңмен енгізілген өзгерістерді насихаттау мақсатында аудандағы құқық қорғау, жергілікті атқарушы органдар және үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен іс-шаралар жоспары бекітілді.

Аудан әкімі аппаратының басшысы Ринад Тілептің төрағалығымен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында арнайы мәжіліс



өтті. Мәжілісте күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде Қазалы аудандық отбасын қолдау орталығының директоры Нұркен Сералиев пен аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық

жұмыстар бөлімінің басшысы Бақытбек Абдуллаев баяндама жасады.

Баяндамашылардан кейін аппарат басшысы сөз алып, күн тәртібінде көтерілген мәселелер жөнінде әңгімеледі. Сондай-ақ ол аудандағы зорлық-зомбылық фактілеріне талдау жасау арқылы қылмыстың алдын алу бағытында оңтайлы әдістерді жүзеге асыру, елді мекендердегі жайсыз отбасыларынан шыққан балаларды спорттық секцияларға және түрлі үйірмелерге қатыстыру, отбасылық зорлық-зомбылықтың орын алуы салдарын көпшілікке түсіндіріп, тәрбиелік мәні бар бейне-роликтер дайындау жөнінде жауаптыларға бірқатар тапсырмалар жүктеді.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

11 ТАМЫЗ – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «МАЙДАКӨЛ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Майдакөл» ауылдық округі әкіміне кандидат Баймұрат Ақтілеу Байқадамұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Баймұрат Ақтілеу Байқадамұлы 1994 жылы 12 қыркүйекте Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Аранды» ауылдық кеңесінде дүниеге келдім. Ұлым қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын. 2001 жылы №25 орта мектептің табалдырығын аттадым. 2010 жылы 9 сыныпты бітіріп, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің жанындағы көп салалы колледжіне оқуға түсіп, 2013 жылы бітіріп шықтым.

2013-2014 жылдары Қызылорда қаласындағы А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет Үйінің

заңгері, 2014–2015 жылдары Қызылорда қаласындағы А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық Мәдениет үйінің сантехнигі болып жұмыс істедім. 2015 жылы «Болашақ» университетіне оқуға қабылданып, 2018 жылы «Құқықтану» мамандығы бойынша сырттай бітіріп шықтым. 2015-2016 жылдары «Аранды ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің уақытша заңгері, «Аранды ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы міндетін уақытша атқарушы, 2016-2022 жылдары «Аранды ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы, ал 2023 жылдың 11 қаңтарынан бастап осы кезге дейін «Аранды» ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болып қызмет атқарып келемін.

Қазалы ауданы, «Аранды» ауылы, Ж.Оспанов көшесі №2 үйдің тұрғынымын.

Отбасылымын, Ерболат Күнім Нұрғалиқызымен некеге тұрғанмын. Екі ұлым бар.

«Майдакөл» ауылдық округі әкіміне кандидат Баймұрат Ақтілеу Байқадамұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Қазақстан Республикасы Президентінің халықтың әлауқатын жақсартуға арналған бағдарламаларын және облыс, аудан әкімдерінің осы мақсаттағы тапсырмаларын басшылыққа алып, ауылдық округтің әкімдігіне сайлауға түсуге бел байладым.

Біріншіден, округ тұрғындарының әлеуметтік жағдайын көтеруге барлық күш-жігерімді, тәжірибемді пайдаланатын боламын.

Ол үшін 4 жылға жоспар жасап, ауылдың даму бағдарламасын дайындайтын боламын.

1. Округ орталығы – Бекарыстан би ауылының көркейіп, көгеруіне аса мән беретін боламын.

Ол үшін Президенттің «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ауылды жасыл желекке айналдыру үшін жұмыс істейтін боламын.

2. Жұмыссыздық, оның ішінде жастардың арасындағы жұмыссыздық өзекті мәселе болып тұр. Сондықтан жастармен пікірлесіп, жұмыссыздық мәселесін кәсіппен айналысу арқылы шешетін боламын. Өйткені мемлекеттік қызмет пен бюджет мекемелеріндегі жұмыс орындарында штаттық кесте бойынша жұмыс атқарылуда.

Кәсіп арқылы жұмыс дегеніміз

– кәсіпкерлік негізде курс оқып, жеңілдетілген несие алуына жәрдемдесу;

3. Ауыл маңындағы «Қотанкөл» көлін тиімді пайдаланып, балық шаруашылығын дамыту – басты міндетім деп есептеймін.

Балық шаруашылығын дамыту үшін кәсіпкерге көмек көрсетіп, Үкіметтен көрсетілетін жеңілдіктерді пайдаланып, балық өңдеу саласын дамыту.

Сол арқылы кооперативтер құрып, жұмыс орындарын ашуға жәрдемдесемін;

4. Ауылшілік электр желілерін жаңалап, қосалқы электр трансформаторларын ауыстырып, ауылдың бұл жұмыстағы әлеуетін арттыру;

5. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тұрғындардың бақша егетін жерін техникамен қамтамасыз етіп, қоршап беруді қолға аламын;

6. Ауылда жаңадан салынып жатқан спорт кешенінде жастардың спортпен ұдайы айналысуына, саламатты өмір салтын ұстануына жағдай жасаймын.

7. Ауылдағы кәсіпкерлерге, шаруа қожалықтарына, ауыл шаруашылық кооперативтеріне жеңілдетілген несие алуға көмектесетін боламын.

«Майдакөл» ауылдық округі әкіміне кандидат Қожахмет Алпысбай Балғабайұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Қожахмет Алпысбай Балғабайұлы 1983 жылы 1 қарашада Қазалы ауданы, «Аранды» ауылдық кеңесінде дүниеге келдім. Ұлым қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын.

1990 жылы Қазалы ауданы, Қожабақы ауылындағы №25 орта мектептің 1 сыныбына қабылданып, 2001 жылы бітірдім.

2001 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне

«Ауыл шаруашылығы өнімдерін стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2006 жылы бітірдім.

2010 жылы Болашақ университетіне «қаржы» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2012 жылы бітірдім.

2007 жылдың наурыз айында Қызылорда әскерилендірілген теміржол күзеті мекемесінде күзетші болып жұмысқа қабылдандым. 2008 жылы желтоқсан айында басқа жұмысқа ауысуыма байланысты жұмыстан босадым. 2009-2011 жылдары Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінде шебер болып қызмет істедім. 2011-2016 жылдары Қазалы орман тұқымбағында, тұқымбақ шебері болып, 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап «Сарыкөл» ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болып қызмет атқарамын. Әскерде болмағанмын.

Тұрғылықты мекен жайым: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Т.Әубәкіров №114 Б үй.

Отбасылымын, бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отырым.

«Майдакөл» ауылдық округі әкіміне кандидат Қожахмет Алпысбай Балғабайұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың сарабал саясатын ауылдық округ көлемінде тиісті деңгейде жүзеге асыруға барлық күшімді саламын.

Ауылдық округ әкімі сайлауында тұрғындар дауыстарын маған беріп, әкім етіп сайлайтын болса төмендегідей жұмыстарды атқаратын боламын:

1) Округте мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етемін. Ол үшін әрбір бағдарламаның маңыздылығын ауыл тұрғындарына түсіндіру арқылы іске асырамын;

2) Бекарыстан би ауылының көшелерін асфальттау жұмыстарын жүргізіп, түнгі жарықшамдармен қамтамасыз етуге ықпал етемін;

3) «Әлсейіт» көпірі мен Бекарыстан би аулына дейінгі 7 шақырым талапқа сай емес жолды қайта жаңғыртуды қолға аламын. Бұл жолмен біздің ауданнан басқа Арал ауданының жақын ауылдары да күнделікті қатынайды.

4) Округ орталығы-Бекарыстан би ауылының көлемі үлкен болғандықтан ауылдың оңтүстік беткейінде тұратын тұрғындардың мектепке қатынауы қашық болғандықтан қиындық туғызуда. Сондықтан мектепке автобус алуға күшімді саламын:

5) Ауыл ішінен өтетін «Қарарық» және «Ақжона» каналдары балаларға қауіп төндіруде. Өйткені канал кейбір тұрғын үйлердің жанынан өтетін болғандықтан қиындық туғызуда. Сондықтан бюджеттен тиісті қаржы бөліріп, ауыл ішінен өтетін каналдың бойын қоршау жұмыстарын ұйымдастырамын;

6) Ауылдың кәсіпкерлік саласын дамыту мақсатында жеңілдетілген несие алуға кәсіпкерлерге жағдай жасайтын боламын;

7) Ауылдың ескірген мектебін күрделі жөндеуден өткізуге немесе жаңа мектеп салынуына ықпал ететін боламын;

8) Ұялы байланыс пен интернет желісінің байланысының сапасын арттыруға жұмыс істейтін боламын;

9) «Ауыл –ел бесігі» бағдарламасы арқылы ауылда салынып жатырған спорт кешенінің құрылысының сапалы болуын қадағалайтын боламын;

10) Ауылды көркейту, көгалдандыру және абаттандыру – негізгі жұмыс болып саналатын болады.

Құрметті ауыл тұрғындары! 11 тамызда өтетін сайлауда маған дауыс беріп, азаматтық борыштарыңызды көрсетулеріңізді сұраймын.

11 ТАМЫЗ – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «МАЙДАКӨЛ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Майдакөл» ауылдық округі әкіміне кандидат Құрманбаев Қонысбек Ктабияұлының ӨМІРБАЯНЫ



Құрманбаев Қонысбек Ктабияұлы 1984 жылы 26 қазанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бозкөл ауылдық кеңесінде дүниеге келген.

1991 жылы Бекарыстан би ауылындағы Ү. Түктібаев атындағы №24 орта мектептің 1 сыныбына қабылданып, 2001 жылы бітірген.

2008 жылы Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінің экономика факультетіне оқуға түсіп, 2012 жылы аталған университетті «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша бітірген.

2011 жылдың 22 тамызы мен 2012 жылдың 11 қыркүйегі аралығында «Майдакөл» ауылдық округі әкімі аппаратында маман болып қызмет атқарған.

2012 жылдың 12 қыркүйегі мен 2013 жылдың 1 қарашасы аралығында Қазалы аудандық мәслихаты аппаратында есепші, мәслихат хатшысының көмекшісі болып жұмыс істеген.

2013 жылдың 1 қарашасы мен 2014 жылдың 17 маусымына дейін Әйтеке би кенті әкімі аппаратында жетекші маман болып қызмет атқарған.

2014 жылдың 17 маусымы мен 2020 жылдың 27 тамызына дейін Қазалы ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде бас маман, сектор меңгерушісі болып қызмет атқарған.

2020 жылдың 27 тамызынан бастап «Майдакөл» ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарып келеді.

Отбасылы. Жұбайымен бірге 7 бала тәрбиелеуде.

«Майдакөл» ауылдық округі әкіміне кандидат Құрманбаев Қонысбек Ктабияұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Құрметті Бекарыстан би ауылының сайлаушылары!

Қарға тамырлы қазақтың әрбірінің түптамасы ауылмен сабақтасады. Туған топырақтың бірсүйем жерінің ауыл азаматына ыстық болатыны да сондықтан. Мен пейілі кең, көңілі дархан, береке-базары үзілмеген Бекарыстан би ауылының төл перзентімін. Осында оқып, білім алдым. Алғашқы еңбек жолымды қасиетті қара шаңырақ «Майдакөл» ауылдық округі әкімі аппаратында бастадым. 2020 жылдың тамыз айынан бастап, бүгінгі күнге дейін ауылдың әкімі қызметін атқарып келемін. Қайтадан туған аулыма қызмет ету үшін сайлауға түсуге бел байладым.

Алдағы уақытта Бекарыстан би ауылының әкімі болып сайланған жағдайда Бекарыстан би ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуын қалыптастыру бағытында алға қойған міндеттер мен атқаратын жұмыстарымды, яғни сайлауалды бағдарламамды әзірлеп, Сіздерге ұсынып отырмын:

-Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және тұрғындардың ауылдық округ әкімі аппараты тарапынан көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;

-Бүгінгі күнге ауылда ең өзекті мәселе болып тұрған мектеп ғимаратын жаңадан салуға сала мамандарымен бірлесіп жұмыс атқарамын;

-Ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсартуға бағытталған жұмыстар жалғасын табады. Ауылдық дәрігерлік амбулатория ғимаратын күрделі жөндеуден өткізуге сала мамандарымен бірлесіп жұмыс істейтін боламын.

-Бекарыстан би ауылының Ж.Ешниязов, М.Күзембаев, Е.Тілеубаев, Ғ.Мұратбаев көшелерін орташа жөндеу, тозығы жеткен электр желілерін толықтай жаңарту мен жарықтандыру мәселелерін шешуге басым бағыт беремін;

-Шағын және орта

кәсіпкерлікті дамыту арқылы бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын ашуға күш саламын. Ауылдық округте салық салу базасын ұлғайту бағытында жұмыстарды ұйымдастырамын. Бюджетке төленетін салықтық және салықтық емес түсімдер көлемінің артуына тиісті шаралар қабылдаймын;

-Жұмыссыздықты азайту бағытында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, оның ішінде мемлекет тарапынан қаржы-несиелік қолдаулар мен жастардың мемлекеттік гранттар алу арқылы, өз кәсібін ашуға қолдау көрсетемін;

-Бекарыстан би ауылының санитарлық тазалығын жақсартуды және таза әрі жасыл желекке бөленуіне бар күш жігерімді жұмсап, көшелерге аяқсудың тұрақты жеткізілуін қамтамасыз ету және алаңды тұрғындардың тұрақты демалыс орнына айналдырамын;

-Азық-түлік қауіпсіздігін сақтау, тұрғындардың өзін-өзі бау-бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында бақша, көкөніс егумен айналысатын тұрғындарды қажетті жер телімдерімен, аяқ су жүйелерімен қамтамасыз ететін боламын;

-В е т е р и н а р и я л ы қ бағыттағы жұмыстарды жақсарту мақсатында мал ауруларының алдын-алуға бағытталған шараларды ұйымдастыруға тұрақты жұмыс істелінетін болады;

-Тұрғындарды спортпен айналысуға, салауатты өмір сүруге бағыт-бағдар беріп, жаңа спорт кешенінің бой көтеруіне, түрлі спорттық іс-шаралардың өткізілуіне және спорт түрлерімен айналысушы жастарға қолдау көрсетемін;

-Жастармен жұмыс жалғасын табады. Жастардың мемлекеттен беріліп жатқан көмектерден өз үлесін алуына, олардың бір салаға мамандануы үшін кәсіптік білім алуына, қосымша мамандықтар алуына, өз бейімділіктері мен мамандықтарына сай жұмысқа орналасуына жағдай

жасалады.

-Ауылдағы құқық бұзушылықтың және түрлі қылмыстық іс әрекеттің алдын алу мақсатында жұмыстар атқарылады. Көшелер мен аулаларға және халық көп шоғырланатын аймақтарға, сонымен қатар, тұрғындардың күл-қоқыстарды бей берекет тастамауы үшін тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті арттыруға жұмыс атқаратын боламын;

-Тұрғындар мен жасөспірім балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік нысандар, балабақшалар мен мектеп жолдарына жол кедергілерін орнатып, жол белгілерінің санын арттыратын боламын;

-«АМАНАТ» партиясының «Ауыл аманаты» жобасына сәйкес Бекарыстан би ауылындағы кәсіп ашамын деген азаматтардың, шаруа қожалықтарының, ауылшаруашылық өндірістік кооперативтерінің, жеке кәсіпкерлердің жеңілдетілген несие алуына тиісті мемлекеттік органдар арқылы жәрдемдесемін;

-Бекарыстан би ауылының қоғамдық-саяси ахуалын тұрақты ұстап, санитарлық-тазалығын басты назарда ұстайтын боламын;

-«Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей, елді мекеннің барлық түйінді мәселелері жергілікті қоғамдастық, ардагерлер ұйымы, әйелдер кеңесі, жастар ұйымы, тағы басқа азаматтық қоғам өкілдерімен бірге келісіп шешілетін болады.

Құрметті ағайын!

Қымбатты Бекарыстан би ауылының тұрғындары!

Жоғарыда айтылған бағдарлама менің жоспарлаған істерімнің бастамасы ғана. Сіздер мені қолдап дауыс берер болсаңыздар, сенімдеріңізден шығып, жұмыс істеуге әзірмін.

Сіздерді Бекарыстан би ауылы көркейтуге бірлесіп атсалысуға және 11 тамыз күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын!

ТАЗАЛЫҚ АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы ауданда әлі де жалғасын табууда. Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің қатысуымен өтіп жатқан сенбілік жұмыстарына арнайы жұмысшылармен бірге мекемелер қызметкерлері, аудан тұрғындары бірікпелі атсалысып келеді. Тазалық жұмыстары үшін кенттегі 7 аймақтың жауаптылары да әр апта сайын өз жұмыстарын үздіксіз атқаруда.

Акция аясында қала, кент, ауылдар біраз тазарған. Тұрғындар да тазалық сақтауға дағдыланып келеді. Көшелерге бейнебақылау камералары орнатылып, тазалық жұмыстары қатаң түрде бақылануда. Қазіргі таңда аудан тазалығын сақтау мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Жалпы қоғамдық орындардың, көшенің таза болуына тек әкімдік қана емес, сол жерде тұратын әрбір тұрғын тікелей жауапты. Сондықтан тазалық жұмыстарына бей-жай қарамағынымыз жөн.

Айта кетейік, қазіргі таңда ауданымызда «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы тазалық жұмыстарын атқарып келеді. Жастар еңбек жасағының басты мақсаты; жастардың күшімен елімізді көркейтіп, көгалдандыру, жаз айларында бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін еңбекке баулу арқылы жастардың материалдық-әлеуметтік жағдайларын шешу болып табылады.

Кенттің көркейіп, көгалдануы тазалыққа байланысты. Сенбілік жұмыстары тұрғындардың

қоршаған ортаны таза ұстауына, экологиялық мәдениет пен таза ауаны қалыптастыруына оң әсерін тигізуде. Қоқыс тасталған жер адамның денсаулығына кері әсер етеді.

Тазалықты, тәртіпті айыппұлмен емес, шынайы жанашырлықпен, жауапкершілікпен орнатсақ нұр үстіне нұр болар еді. Туған өлкені таза ұстау-біздің басты парызымыз.

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық әлемді алаңдатқан өзекті мәселенің бірі. Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу және кінәлі адамдарды өздерінің құзіреті шегінде жауапкершілікке тартуды ұлттық қауіпсіздік органдары жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қазіргі уақытта әлемнің барлық елдерінде, оның ішінде біздің елімізде өмір сүруін әлі тоқтатқан жоқ. Ол елдің әлеуметтік - экономикалық дамуын тежейді.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлықты еңсеру мемлекеттік саясаттың басты мақсаты болып отыр. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықпен күресу шаралары қатаң түрде бақылауға алынған. Жемқорлық қай мекемеде болса да бар. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік мекемелер үшін ауыр қылмыс болып саналады.

Елімізде сыбайлас

жемқорлыққа қарсы күрес үшін Президент жанынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия құрылған. Сонымен қатар, «Сыбайлас жемқорлық туралы» Қазақстан Республикасының заңы бар.

Болашақ ұрпақтың тағдыры үшін қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықпен күресудің бірден-бір жолы, бұқаралық ақпарат құралдары, газет-журналдар мен әлеуметтік желілерде кеңінен насихаттау.

Сыбайлас жемқорлық-мемлекеттегі лауазымды адамдардың парақорлығы. Жалпақ тілмен айтсақ, немқұрайлы қарап жүрген жемқорлық тұтас елдің болашағына балта шауып жатқан істердің бірі.

Сыбайлас жемқорлықтың басты факторы: пара алу мен пара беру болып табылады. Пара алу мен пара беру-қылмыс. Пара беру тек ақша ұсыну деп түсіну

қате. Оған бағалы сыйлықтар мен басқа да мүлктік заттар кіреді.

Параны өздерінің мәселелерін ыңғайлы әрекет ететін жолмен шешу үшін көптеген азаматтар береді. Әсіресе, мұндай әрекеттер мемлекеттік қызметкерлер арасында кездеседі.

Парақорлық-ең қауіпті сыбайлас жемқорлық, яғни қызметтік қылмыс болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір адам үшін, қоғам үшін басты міндет. Онымен бүкіл ел болып күресуіміз қажет. Пара алу бостандық пен болашақтан айырады. Егер адам сыбайлас жемқорлықтың куәсі болған жағдайда 1424 нөмірі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің call-орталығына қоңырау шалуына болады. Ол жерде кеңес берушілер әрі қарай қандай қадамдар жасалу керек екенін түсіндіріп береді

немесе сыбайлас жемқорлық фактілерінің жолын кесу үшін дереу әрекет етеді. Және сыбайлас жемқорлықпен күресу жолында әрекет еткен тұлғаға мемлекет тарапынан сыйақы қарастырылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға атсалысатын тұлға әрқашан мемлекеттің қорғауында болады.

Болашақ ұрпақтың тұлға болып қалыптасуы үшін сыбайлас жемқорлықпен күресуді тоқтатпауымыз қажет. Жастар-еліміздің болашағы. Қазіргі жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру өте маңызды. Ол үшін жастардың бойындағы құқықтық сауаттылықты арттырған жөн. Құқықтық сана мен мәдениеті қалыптасқан жас ұрпақ ешқашан қылмысқа жол бермесі анық.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

ТАҒАМ ӨНІМІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 9-бабында Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті жүзеге асырады делінген.

Демек, біздің саламыздың басты міндеттерінің бірі ішкі сауда нарығы айналымындағы өнімдердің қауіпсіздігіне бақылау жүргізу болып табылады.

Өнім қауіпсіздігінің мониторингі дегеніміз – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді анықтауға, әкелудің, өндірудің, қолданудың және өткізудің алдын алуға және жолын кесуге бағытталған іс-шаралар жүйесі.

Осы мақсатта Басқарма мамандарымен сауда нысандарынан өнімдер сатып алынып, санитариялық-

сараптама жүргізуге ҚР ДСМ СЭБК-нің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының Қазалы аудандық бөлімшесіне тапсырылады.

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасымен өнімдердің қауіпсіздігін мониторингілеу жыл сайынғы жоспар-кестеге сәйкес жүргізіліп отырады. Мониторинг жүргізу барысында тамақ өнімдері, тамақ емес өнімдер іріктеліп, сатып алынып, зерттеледі. Атап айтқанда ет, сүт, май, балық, құс өнімдері, түрлі шыршындар, кондитерлік өнімдер, алкогольді және алкогольсыз сусындар, табиғи минералды емдік-асханалық ауыз су, ұн және жарма өнімдері, нан, тоқаш өнімдері, жеміс және көкөніс өнімдері, балалар тағамы, балалар және жасөспірімдерге арналған өнімдер, парфюмерия және косметикалық өнімдер, жуу құралдары және жеке гигиена құралдары, басқа да өнім түрлерінен сынамалар алынады.

Жүргізілген

эпидемиологиялық сараптама нәтижесімен дүкен иелері таныстырылып, аталған сәйкес емес өнімдерді жою туралы іс-шаралар қабылданады.

Дүкендерде өнімдерді сатып аларда ерекше мән беретін жағдайларды айта-тын болсақ: Тағамның атауы. Тағам өнімінің құрамы. Өнімнің құрамындағы заттар. Салмағы мен көлемі. Өнімнің дайындалған күні. Жарамдылық мерзімі. Сақталу шарттары. Өндіруші туралы мәліметтер. Қолданылуы бойынша нұсқамалар. Тағам өнімінің құндылығы туралы ақпарат. Құрамында ГМО бар немесе жоқ екендігі туралы мәлімет. ЕАС белгісі, бұл белгі «Еуразиялық сәйкестік» дегенді білдіреді және тағам өнімдерінің таңбаланында мемлекеттік тілде ақпараттың болуы керек екенін естен шығармайық. Қауіпсіз өнімді таңдай білейік!

А.ЖЕТКЕР,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

САУДА ОРЫНДАРЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛАПТАРЫН ҚАТАҢ САҚТАЙЫҚ

Өрт - тілсіз жау, адам баласына зиянын келтіріп, материалдық шығынмен қоса адам өмірін де қиып жатыр.

Мәліметтерге сүйенсек өрт салдарынан болған материалдық шығындар үкіметтің емес жеке кәсіпкерлердің, жеке саудамен айналысатын азаматтардың қалтасын саяздатып отыр. Сауда базарларында орын алған өрт оқиғалары өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамаудан, сондай-ақ, өрттің алдын алуға қарсы іс-шараларды орындауға немқұрайлы қарауы салдарынан, нысандарды қорғауда өртке қарсы мәселелерді шешуге мән бермеуден, қажетті ұйымдастыру шараларын атқармаудан болып отыр. Қазіргі уақытта күн көріп нан табудың бір түрі сауда болғандықтан, саудамен айналысатын азаматтар өз сауда орындарыңызда өрт оқиғалары орын алмас үшін өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтаңыздар. Сауда орындарында электр желілерін шамадан тыс жүктемеңіздер, автоматты өрт дабыл қондырғыларының үнемі дұрыс жұмыс істеуін қадағалап, алғашқы өрт сөндіру құралдарының жарамдылығын тексеріңіз, эвакуациялық шығу жолдарының ашық болуын қадағалаңыздар. Сауда орындарында өрт оқиғасы болмас үшін барлық талаптарды орындау өз қауіпсіздігіңіздің кепілі. Өрт болған жағдайда байланыс қызметі 101 немесе 112.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

● Хабарландыру

2024 жылдың 29 шілде күні сағат 11:00-де Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс XXIV сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 желтоқсандағы №128 «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

2. Ағымдағы мәселелер.

Сонымен қатар, 2024 жылдың 29 шілде күні сағат 10:00-де Қазалы аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.